



Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 677 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 қыркүйекте № 19351 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Р. Скляр

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 29 тамыздағы
№ 677 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Суға батқан мүлікті көтерудің ережесі мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 3

ақпандағы № 58-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3470 болып тіркелген, "Заң газеті" 2005 жылғы 22 шілдеде № 77(701) жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Суға батқан мүлікті көтерудің ережесі мен мерзімдеріде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі 10-тармаққа сәйкес жобаны белгіленген мерзімде ұсынбаса, мұндай жағдайда көрсетілген жұмыстар қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті органның кәсіпорнымен жүзеге асырылады."

2. "Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 213 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6969 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2011 жылғы 22 маусымдағы № 87 (2077), № 88 (2078) сандарында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидаларында:

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген әрбір кеме мынадай жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебіне қойылады:

1) кеме жасалғаннан кейін;

2) тіркелу орны ауысқаннан кейін және осыған байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің басқа жұмыскер қызметінің ауданына ауысқаннан кейін;

3) басқа сыныптау ұйымы сыныбынан Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбына ауысқан кезде;

4) егер кеме бұрын тіркеуден алынған немесе Кеме қатынасының тіркелімі тіркеуінде болмаған жағдайда;

5) кеме иесі ауысқан кезде.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебінен кеме шығару мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) шығысқа жазылған кезде;

2) Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қызметі басқа ауданындағы жаңа тіркеу портына көшірілген кезде;

3) басқа сыныптау қоғамының сыныбына ауысқан кезде;

4) кеме иесінің негізді сұранысы жоқ болып, кеме екі жылдан артық мезгілде қуәландыруға ұсынылмаған жағдайда;

5) кеме иесі ауысқан кезде, кеме иесі ауысқанда, кеме жаңғырту немесе жаңарту оның типі және белгісі өзгеруімен, кеме жаңғырту немесе жаңарту бір өңірлік

қызметкерінің аумағында бұрын пайдаланылған кеме элементін қолданумен, кеме техникалық есептен шығарылмайды.

Бір аймақтық қызметкердің аумағында кеме меншік иесі ауысқан жағдайында бұрынғы және жаңа кеме иесі Кеме қатынасы тіркеліміне жазбаша түрде ақпарат беруі тиіс, сонымен қатар сыныптау куәлігі ауыстырылады.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. 42-тармақтың 4) тармақшасында жазылғандардан басқа (түпнұсқа және көшірмелер), Кемені есептен шығару үшін қажетті құжаттар:

1) кеме иесінің кемені есептен шығару себебі көрсетілген өтінімі;

2) кемені есептен шығару себебін растайтын ресми құжаттардың көшірмесі (олар болған жағдайда).".

3. "Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 164 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10548 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарда:

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жағалаудағы жүзу – жағалаудан 20 мильге дейін алыстай немесе баспана орнынан 50 мильге дейін алыстай отырып жүзу.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Сыныптағы сыныптың тиісті символы бар тез бүлінетін жүктерді тасымалдайтын кемелерде экипаждың ең аз құрамында рефрижераторлық қондырғылар бойынша механик лауазымы көзделеді.

Басты дизель-электр қондырғысы бар кемелерде экипаж құрамына жолаушылар кемелерінде екі электромеханик және басқа үлгідегі кемелерде бір электромеханик енгізіледі.

Бір немесе екі қызмет көрсету құрылғылары мен жүйелері бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын "Aut" рәмізі жоқ кемелерде экипаж құрамы бір вахта механигіне артады.";

18, 19, 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ұзақтығы екі және одан да көп күн халықаралық рейстер жасайтын, бортында жүз және одан да көп адамы бар кемелерде кеме экипажының ең аз құрамына қосымша жалпы практика дәрігері кіреді.

19. Экипаж саны 10 және одан да көп адам болатын кемелерде кеме экипажының ең аз құрамына аспаз қосымша кіреді.

20. Жалпы сыйымдылығы 100 тіркелімдік тоннадан кем кемелерде, катерлер мен катамарандар қосалғанда, жұмыс персоналын Каспий теңізінде вахтаны атқару орнына

дейін тасымалдауға арналған, рейстің ұзақтығы тәуліктің жарық уақытында жүргізілетін және 12 сағаттан аспайтын кемелерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қауіпсіз портына дейін Каспий теңізіндегі апат орнынан адамдарды эвакуациялау үшін бір реттік рейсті орындау кезінде мерзімді эвакуациялаудың мамандандырылған кемелерінде, кеме экипажының ең аз құрамына тек капитан және аға механик немесе бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 450 кВт-дан кем болған кезде екінші механик (вахта механигі) кіреді."

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. СОЛАС Конвенциясының х тарауында айқындалғандай, жоғары жылдамдықты кемелерге тағайындалған капитандар мен капитанның көмекшілерінде MSC халықаралық теңіз ұйымының теңіз қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің қарарымен қабылданған түзетулері бар 2000 жылғы Жоғары жылдамдықты кемелердің халықаралық қауіпсіздік кодексіне сәйкес олар жұмыс істейтін жоғары жылдамдықты кемелердің типі үшін жоғары жылдамдықты Кемені басқару жөніндегі куәлігі болуы тиіс .97(73).";

34-тармақ алып тасталсын;

Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарына қосымшаны осы тізімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігінің және
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
қосымша
Кеме экипажының ең аз
құрамына қойылатын талаптарға
қосымша

Кеме экипажының ең аз құрамының нормативтері

Жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімді тонналық кемелер үшін палубалық команда

Кәсіби кеме экипажының құрамы (ДДВА конвенциясына сәйкес)	Кемелердің жүзу ауданы			
	Порттық жүзу	Жағалауда жүзу	Шексіз жүзу ауданы)	
	Экипаждың жұмыс кестесі			
	(1 күннен аспайтын рейстің ұзақтығы) 1 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым
1	2	3	4	5

Капитан:				
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар				
П/2-қағидалар, 5 және 6-тармақтар	1	1	1	1
Капитанның аға көмекшісі :				
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар				
Капитанның вахталық көмекшісі:				
П/1-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
П/3-қағидалар, 3 және 4-тармақтар		1	1	1
Матростар:				
НВҚҚ (вахталық матрос)				1
П/4-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
1 санаттағы матрос (білікті матрос)	1	1	2	1
П/5-қағидалар, 1 және 2-тармақта				
БАРЛЫҒЫ:	2	3	4	4

жалғасы

Жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелімді тоннаға дейін кемелер үшін палубалық команда

Кәсіби кеме экипажының құрамы (ДДВА конвенциясына сәйкес)	Кемелердің жүзу ауданы			
	Порттық жүзу	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы	
	Экипаждың жұмыс кестесі			
	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	3 ауысым
1	2	3	4	5
Капитан:				
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар	1	1	1	1
П/3-қағидалар, 5 және 6-тармақтар				
Капитанның аға көмекшісі:				
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар			1	1
Капитанның вахталық көмекшісі:				
П/1-қағидалар, 1 және 2-тармақтар		1		1
П/3-қағидалар, 3 және 4-тармақтар	1			
Матростар:				
НВҚҚ (вахталық матрос), П/4-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	2	2	2
1 сыныпты матрос (білікті матрос) П/5-қағида, 1 және 2-тармақтар				1
БАРЛЫҒЫ:	3	4	4	6

Жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімді тонна немесе одан да көп кемелер үшін палубалық команда

Кәсіби кеме экипажының құрамы (ДДВА конвенциясына сәйкес)	Кемелердің жүзу ауданы		
	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы	
	Экипаждың жұмыс кестесі		
	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым
1	2	3	4
Капитан:			
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар			
П/3-қағидалар, 5 және 6-тармақтар			
Капитанның аға көмекшісі:			
П/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1
П/2-қағидалар, 3 және 4-тармақтар			
Капитанның вахталық көмекшісі:			
П/1-қағидалар, 1 және 2-тармақтар			1
П/3-қағидалар, 3 және 4-тармақтар			
Матростар:			
НВҚҚ (вахталық матрос) П/4-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	2	2	3
1 сыныпты матрос (білікті матрос) П/5-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1
БАРЛЫҒЫ:	5	5	7

жалғасы

Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 кВт дейін кемелер үшін машиналық команда

Кәсіби кеме экипажының құрамы (ДДВА конвенциясына сәйкес)	Машиналық бөлімшесіне мерзімді қызмет көрсетілмейтін кемелер			Машиналық бөлімшесіне мерзімді қызмет көрсетілетін кемелер			
	Кемелердің жүзу аудандары			Кемелердің жүзу аудандары			
	Порттық жүзу	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы	Порттық жүзу	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы	
	Экипаждың жұмыс кестесі			Экипаждың жұмыс кестесі			
(1 күннен аспайтын рейстің ұзақтығы) 1 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	1 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым*

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Аға механиктер:								
III/2-қағидалар, 1 және 2- тармақтар								
III/3-қағидалар, 1 және 2- тармақтар								
Екінші механиктер:								
III/2-қағидалар, 1 және 2- тармақтар	1	1	1	1	1	1	1	1
III/3-қағидалар, 1 және 2- тармақтар				1				1
Вахталық механик, III/1- қағидалар, 1 және 2- тармақтар								
Мотористер:								
МБВҚҚ (Вахталық моторист) III/4- қағидалар, 1 және 2 тармақтар								
1 сыныпты моторист (Білікті моторист) III/5- қағидалар, 1 және 2 тармақтар								
Электромеханик , III/6- қағидалар, 1 және 2 тармақтар 2								
БАРЛЫҒЫ:	1	1	1	2	1	1	1	2

* Экипаждың жұмыс кестесі 3 ауысым болған кезде кемеңің машиналық командасының экипажына қосымша вахталық механик кіреді

жалғасы

Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 кВт-ден 3000 кВт дейін кемелер үшін машиналық команда

--	--	--

1 және 2-тармақтар								
БАРЛЫҒЫ:	1	2	2	3	1	2	3	3

* экипаждың жұмыс кестесі 3 ауысым болған кезде кемеңің машиналық командасының экипажына қосымша вахталық механик кіреді

жалғасы

Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 кВт-немесе одан да көп кемелер үшін машиналық команда

Кәсіби кеме экипажының құрамы (ДДВА конвенциясына сәйкес)	Машиналық бөлімшесіне мерзімді қызмет көрсетілмейтін кемелер		Машиналық бөлімшесіне қызмет көрсетілетін кемелер	
	Кемелердің жүзу аудандары		Кемелердің жүзу аудандары	
	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы	Жағалаудағы жүзу	Шектелмеген жүзу ауданы
	Экипаждың жұмыс кестесі		Экипаждың жұмыс кестесі	
	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым	2 ауысым*
1	2	3	4	5
Аға механиктері:				
III/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1	1
III/3-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
Екінші механиктер:				
III/2-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1	1
III/3-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
Вахталық механиктер, III/1-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
Мотористер:				
МБВҚҚ (Вахталық моторист) III/4-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
1 сыныпты моторист (Білікті моторист) III/5-қағидалар, 1 және 2-тармақтар				
Электрмеханик, III/6-қағидалар, 1 және 2-тармақтар	1	1	1	1
БАРЛЫҒЫ:	3	3	3	3

* экипаждың жұмыс кестесі 3 ауысым болған кезде кемеңің машиналық командасының экипажына қосымша вахталық механик кіреді